



«Дарын» RFPO директоры

Г. Тұрсынов

2023 жыл

Лингвистика бойынша республикалық іріктеу олимпиадасын өткізу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Бұл ереже лингвистика бойынша республикалық іріктеу олимпиадасының (әрі қарай – Олимпиада) мақсатын, міндеттерін, өту тәртібін және мерзімін анықтайды.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаты – оқушылардың «қолданбалы филология» пәнін оқуга қызығушылығын ынталандыру, жалпы білім беруде ой-өрістерін дамыту, ғылыми білімді насиҳаттау, лингвистикадан халықаралық олимпиадаға катысу үшін олимпиада резервін құру.

3. Олимпиада қолданбалы лингвистика бойынша өткізіледі. Республикалық әдістемелік кенес (бұдан әрі – Әдістемелік кенес) Қазақстан Республикасы Оку агарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми – практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» RFPO) Олимпиада тапсырмаларының жиынтығын қазақ және орыс тілдерінде барлық кезеңдерге ұсынады.

4. Олимпиада аудандық, облыстық және республикалық кезеңдерден тұрады:

- аудандық кезең - караша айышын бірінші онкүндігінде;
- облыстық кезең - караша айынын үшінші онкүндігінде;
- республикалық кезең - желтоқсан айының скінші онкүндігінде отеді.

5. Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент калаларының білім баскармалары, «Шазарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімдары (бұдан әрі – «НЗМ» ДББҰ) және республикалық білім беру үйімдары (бұдан әрі – РББҰ) әдістемелік кенес дайындаған тапсырмалар бойынша аудандық, облыстық кезеңдерді өткізеді.

6. Республикалық кезеңді КР Оку-агарту министрлігінің «Дарын» RFPO откізеді.

7. Олимпиаданың әрбір кезеңі тек бір кезеңмен тұрады.

8. Олимпиаданың барлық кезеңдерінде апелляция карастырылмаған.

Ж. Сабанов

Г. Тұрсынов

2. Олимпиадаға қатысушылар

9. Олимпиадаға республиканың білім беру үйымдарының 8-11 (12) сынып окушылары еркін негізде қатысады.

10. Облыстық кезеңдердегі нәтижесі бойынша үйымдастыру комитеті Олимпиаданың республикалық кезеңіне қатысушылардың тізімін бекітеді.

11. Әрбір облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалалары, «НЗМ» ДББУ және РББҰ облыстық кезеңдердегі нәтижесіне сәйкес ең жоғары балл жинаған қатысушыдан тұратын команданы ұсынады.

12. Қорытынды кезеңге жіберу және тіркеу облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, «НЗМ» ДББУ мен РББҰ етінімдері негізінде жүзеге асырылады. Отінімде қатысушының тегі, аты, білім беру үйімінің атауы, Олимпиаданың алдыңғы кезеңдерінің нәтижесі корсетілуі тиіс.

3. Олимпиада кезеңдерін үйымдастыру және өткізу тәртібі

13. Олимпиаданың әдістемелік көңесі:

- олимпиаданы үйымдастыру және откізу ережелерін азірлейді, бекітеді және олимпиаданың барлық кезеңдерін үйымдастыру комитетіне жібереді;

- тапсырмаларды құрастырып, олимпиаданың барлық кезеңдеріне ариалған тапсырмалар жынтығын жасайды;

- олимпиаданың барлық кезеңдеріне тапсырмаларды жеткізуді қамтамасыз етеді.

14. Академиялық адалдықты, олимпиаданы өткізудің ашықтығын, қатысушылардың жұмыстарын объективті бағалауды қамтамасыз ету үшін өнірлерде бірінші басшысы басқаратын онірлік үйымдастыру комитеті құрылады.

15. Өнірлік үйымдастыру комитеті Олимпиада тапсырмаларын қабылданап алуға және сактауга, сондай-ақ тапсырмалармен жұмыс істеу кезінде күпиялылық ережелерін сактауға жауапты адамды тагайындайды.

16. Онірлік үйымдастыру комитеті аудандық және облыстық кезеңдерге қатысушылардың жұмыстарын объективті түрде тексеру және бағалау үшін казылар алкасының мүшелерін тагайындайды.

17. Өнірлік үйымдастыру комитеті аудандық және облыстық кезеңдерде қатысушылардың жұмыстарын шифрлауды (несізлендіруді), сондай-ақ шифрланған жұмыстарды интернет-ресурстарда жариялауды жүзеге асырады.

18. Оңірлік үйымдастыру комитеті Олимпиаданы үйымдастырушыға нәтижені (хаттамаларды) бекіту үшін ұсынады.

4. Олимпиаданың әр кезеңдерінің қазылар алкасы

19. Бекітілген бағалау елшемшарттарына сәйкес орындалған тапсырмаларды бағалайды.

20. Олимпиадаға қатысушының сұрауы бойынша орындалған тапсырмаларын көрсетеді және Олимпиаданың нәтижесін қатысушыларға ұсынады.

21. Олимпиаданың женімпаздары мен жүлдегерлерін рейтинг негізінде және тиісті кезеңді үйымдастыруши белгілеген квотаға сәйкес анықтайды.

22. Қазылар алкасының құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттар мен магистранттар, респубикалық және халықаралық олимпиадалардың бұрынғы женімпаздары, әдіскерлер, жоғары біліктілігі бар тәжірибелі мұғалімдер кіреді. Қазылар алкасының құрамына окушылары олимпиада қатысушысы болып табылатын мұғалімдер кіре алмайды.

4. Женімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау

23. Олимпиаданың респубикалық кезеңінің барлық қатысушыларына Олимпиадаға қатысушы сертификаттары беріледі.

24. Олимпиаданың респубикалық кезеңінің женімпаздары мен жүлдегерлері «Дарын» РГПО дипломдарымен марапатталады. Женімпаздар саны қатысушылардың жалпы санының 45 пайзын қурайды. Олимпиаданың респубикалық айналымындағы I, II және III дәрежелі дипломдардың саны мынадай пропорция негізінде айқындалады: женімпаздар санының 50%-ы III дәрежелі дипломдармен, 30%-ы II дәрежелі дипломдармен, 20%-ы I дәрежелі дипломдармен марапатталады.